# ШЫҒЫС-ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
# ІШКІ ІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
# ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

**КЕЛІСЕМІН**
**ШҚО ІІД бастығы**
**полиция генерал-майоры**
**____________ Ж.Т.Бақтыбаев**
**«25» ____03____ 2016 ж.**

**БЕКІТЕМІН**
**Шығыс Қазақстан облысының әкімі**
**________________ Д.К.Ахметов**
**«30» ____03____ 2016 ж.**

**Шығыс Қазақстан облысы**
**Ішкі істер департаменті**
**Жергілікті полиция қызметінің**
**негізгі ұйымдастырушылық шаралары**
**2016 жылдың**
**ЖОСПАРЫ**

**Өскемен қ.**
**2016 жыл**

5 институционалдық реформаларды орындау бойынша Ұлт жоспарының 30-шы қадамын жүзеге асыру мақсатында 2015 жылдың 2 қарашасында «Жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына Елбасымен қол қойылды.

Жергілікті полиция қызметін ашудың мақсаты, полиция қызметінің мөлдірлігін қамтамасыз етуді жергілікті атқару органдары мен жергілікті ұйымға есеп беруі арқылы жүзеге асыру.

Жергілікті полиция қызметінің негізгі міндеттері ретінде анықталды:

- қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу
- қоғамдық тәртіпті күзету
- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу және жолын кесу
- әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өндіріс және қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеу жүргізу.

Жергілікті атқару органдарымен өзара байланыс үшін бірінші кезекте қоғамдық орындарда және көшелердегі қылмыстардың алдын-алу, жол-көлік оқиғаларының алдын-алу жұмыстарын күшейту жоспарланады. 2015 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстылықтың саны 12,5 % (6814-тен 7663-ке), ЖКО 8,2% (1463-тен 1583-ке) артқан.

«Бұрын сотты болған» тұлғаларды қадағалау жұмысын күшейту (2 есеге артқан (1517-ден 3961-ге)), әкімшілік қадағалау орнату және шартты мерзімінен бұрын босатуға аса көңіл бөле отырып, әдістердің бірі ретінде таңдау.

2015 жылдың қорытындысы бойынша мас күйінде жасалған қылмыстардың саны 25,5% (1788-нен 2244-ке) дейін артқан. Осыған орай, жергілікті атқару органдарымен спирттік ішімдіктерді шамадан тыс пайдаланатын тұлғаларды қараудағы, сонымен қатар оларды емдеу-профилактикалық арнайы орындарына жөнелту қоғамдық кеңестердің жұмыстарын жақсарту жоспарланған.

Денсаулық сақтау органдарымен Риддер, Аягөз қалаларында және Шемонаиха ауылында қосымша уақытша оңалту орталықтарын ашу, сонымен қатар жататын орын санын көбейту туралы мәселелерді қарастыру.

Жасөсіпірімдермен жасалатын қылмыстың деңгейін тұрақтандыру көзделген. Жергілікті атқару органдары мен кәмелетке толмағандардың тәртібі мен отбасы жағдайы нашар жанұялардың жағдайын қарастыратын жасөспірімдер ісі комиссиясының рөлін көтеру.

Табиғатты қорғау заңнамасы аясындағы қылмыстар мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу жұмыстарында прокуратура органдары мен әкімдіктердің арасындағы өзара карым-катынасты жақсарту.

Кризистік орталықтарға қарама-қайшы жағдайларды шешу мақсатында тұрмыстық қатігездіктен жапа шеккендер мен көмекке келген тұлғаларды анықтау үшін ақпарат алмасуды неғұрлым жоғары деңгейге көтеру.

Прокуратура органдары, ұлттық қауіпсіздік, ішкі саясат басқармасы арасында өзара облыстың ҚАІБ-ға түсетін ақпараттар, оның ішінде күнделікті мәлімет, БАҚ және интернет сайттарға түскен ақпараттар арқылы облыс көлемінде қоғамдық-саяси мониторинг нәтижелерімен алмасуды жеделдету.

Аталған мақсаттарға дұрыс жету үшін және нәтижелерді жақсарту барысында көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда бейнебақылау камераларын, жолдардағы жол ережесін бұзуды автоматты түрде фото-бейнебектіу жүйелерін желісін орнатуды кеңейту.

**Қойылған тапсырмаларды орындау мақсатында, келесі шараларды жүзеге асыру қажет:**

| № р/с | Жоспарланған шаралар | Орындау мерзімі | Орындаушы | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Басқару қызметін дамыту, ұйымдастыру шаралары** | | | | |
| 1.1 | (ҚАІБ) ІІД ЖПҚ бастығының жанында «Жергілікті полиция қызметінің жедел-қызметтік жұмыс қорытындысы» туралы жедел кеңес өткізу. | Тоқсан сайын | ІІД ЖПҚ, ҚАІБ | Жедел кеңес шешімі |
| 1.2 | ЖПҚ-нің бөлімшелері жедел-қызметтік жұмыстарының қорытындысын зерттеп, талдама жасау. Талдама нәтижесінде ҚАІБ-нің шолуын дайындау. | Тоқсан сайын | ІІД ЖПҚ | ҚАІБ-не шолу |
| 1.3 | ҚАІБ-ге жеке кестеге сәйкес тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсету. | Кестеге сәйкес | ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 1.4 | Полиция қызметкерлері мен олардың әрекеттеріне азаматтардан түскен арыздарға талдама жасау. Өтініштер дәлелденген жағдайда, жауапты кінәлі лауазымды тұлғаларды қатаң тәртіптік жауапкершілікке тарту. | Тоқсан сайын | ҚАІБ, ІІД ҚҚЕБ | Анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.5 | ІІМ-нің 21.01.2016 жығы №1 МА шешімін орындау мақсатында аумақтардағы ЖПҚ бастықтарымен жергілікті атқару органдарымен өзара байланысы, қоғамдық тәртіпті сақтаудағы өздеріне жүктелген міндеттері, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылық профилактикасы бойынша семинар-кеңес өткізу қажет. | Жарты жыл көлемінде | ІІД ЖПҚ, Қалалық, аудандық әкімдер | Семнар-кеңес хаттамасы |
| 1.6 | Аумақтылық ЖПҚ бастықтары әкімдермен және аумақты маслихаттармен есептік кездесулер өткізу. | шілде | ІІД. ҚАІБ ЖПҚ | Хаттама |
| | **2. Есепке алу-тіркеу тәртібінің жағдайы** | | | |
| 2.1 | Ұйымдар және мекемелермен қылмысты есептен жасыру деректерін айқындау мақсатында салыстырып-тексерулер жүргізуді қадағалау. | Ай сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Салытырып-тексеру |
| 2.2 | Есепке алу-тіркеу тәртібінің жағдайына талдама жасау және ЕАТТ Штаб инспекциясымен жасырылған қылмыстар саны бойынша салыстырып-тексеру жүргізу. | Әр айдың 30-на дейін | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| | **4. Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын-алу** | | | |
| 4.1 | Ай сайын қасақана адам өлтіру, оның ішінде мас күйінде жанұя-тұрмыстық қарым-қатынаста жасалған адам өлтіру бойынша талдама жасау. | жоспарлы | ІІД ЖПҚ | ІІМ ӘПК-не талдама |
| 4.2 | ШҚО бойынша ҚАЖД-мен бірге пробация және учаскелік полиция инспекторлары арасындағы қарым-қатынасты қажетті деңгейде ұйымдастыру. | Тоқсан сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 4.3 | «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» және «Құқық бұзушылықтың алдын-алу туралы» ҚР Заңдарын жүзеге асыру мақсатында, облыста аумақтық бөлімшелермен құқық бұзушының әрекетіне ерекше талаптар қою және қорғау нұсқамасын шығаруды қамтамасыз ету шараларын қабылдау. | Әр айдың 5-не дейін | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | ІІМ ӘПК-не ақпарат |
| 4.4 | Криминалдық полициямен бірлесе әкімшілік қадағалау орнатылған тұлғаларды, оның ішінде түннің екінші жартысында олардың тарапынан талаптарды бұзуды айқындап, мінездейтін іс-құжаттар жинау. Талаптарды бұзушылықты анықтап және жасырын емес әкімшілік қадағалауды орнату шараларын жүзеге асыру. | ІІМ бұйрығына сәйкес | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.5 | Мерзімінен бұрын шартты босатылған тұлғаларға тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны бойынша тексеру жүргізіп, олардың тарапынан талап бұзушылықты айқындап, мінездейтін құжаттар жинау. | ІІМ бұйрығына сәйкес | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 4.6 | Босатылған тұлғалардың мекенжайына келмеуі бойынша ААО базасына карточкаларды қою және оларды іздеу бойынша шаралар қабылдау. Жүргізіліп жатқан шаралар туралы ақпаратты ай сайын біріктіріп, ІІД ЖПҚ-нің басшылығына баяндау. | Ай сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 4.7 | Мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған тұлғаларды, орнатылған әкімшілік қадағалауымен Қазақстан Республикасы шекарасынан шығуды шектеу мақсатында уақтылы «Бүркіт» базасына енгізу. Нәтижесін ІІД ЖПҚ басшылығына анықтамамен баяндау. | Ай сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 4.8 | Спирттік ішімдіктерді шамадан тыс қабылдайтын тұлғаларды еркінен тыс емдеуге АМЕО-на жолдау жұмысын жалғастыру. | Күн сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Сот шешімі |
| 4.9 | Қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын азаматтар санын, қылмыстылықтың алдын-алуға өз үлесін қосып көтермеленген тұлғалар санын арттырып, БАҚ-на материалдар беру сұрағын қарастыру. | Тоқсан сайын | Қалалық, аудандық әкімдер, ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | БАҚ |
| 4.10 | Халықпен кездесу кезінде туындаған мәселелі сұрақтарға талдама жасау. Нәтижесін ІІД ЖПҚ-не баяндау. | Тоқсан сайын | ҚАІБ, Қалалық, аудандық әкімдер, ІІД ЖПҚ | Талдама |
| 4.11 | Малдардың иелері өздері (кезекпен) жаю немесе малшыны жалдау арқылы малдарды ұжымды жаюды ұйымдастыру. | Сәуір | Қалалық, аудандық әкімдер, ҚАІБ | Анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.12 | Әкімшілік істер бойынша және қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанды сотқа дейінгі іс жүргізуді толық әрі жан-жақты жүргізуді қамтамасыз ету. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 4.13 | Азаматтардың құқықтық танымына әсер ететін және қоғамда құқық бұзушылыққа «нөлдік төзімін» туындататын әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын жоғарылату. | Күн сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 4.14 | Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында облыс көлемінде «Қадағалау», «МШБ», «Тұрмыс», «Қайыршы», «Шартты мерзімінен бұрын босатылған » т.б. алдын-алу шараларын жүргізу. | ІІМ кестесіне сәйкес | ҚАІБ, ЖПҚ | ІІМ-не жауап |
| **5. Жасөспірімдер қылмыстылығының алдын-алу** | | | | |
| 5.1 | Жасөспірімдермен жасалған әрбір ауыр және аса ауыр қылмыс деректері бойынша заңға қайшы әрекетті жасау себептері мен жағдайларын анықтау арқылы қызметтік тексеру жүргізу, кінәлі тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту. | Жасалған қылмыс деректері бойынша | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Қызм. Тексеру қорытындысы |
| 5.2 | Жасөспірімдер қылмыстылығының облыс аумағында бөліп қарағандағы жедел ақпараттарының талдауын кәмелетке толмағандарды алдын-алу шараларымен уақтылы қамтамасыз ету және қылмыстың жасалуына ықпал еткен себептерді анықтау және жою, ЮПБ қызметкерлерінің қылмысты ашу және қатысу мәселелері бойынша бақылау жүргізу мақсатында жүзеге асыру. | Тоқсан сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Орындау туралы анықтама |
| 5.3 | «Жасөспірім-2016» аясында жасөспірімдер бағытында жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізу. Нәтижесін селекторлық кеңесте қарау. | ІІМ кестесіне сәйкес | ҚАІБ, ЖПҚ | Селекторға анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.4 | Жасөспірімдер құқық бұзушылығы мен қараусыз қалуының алдын-алу жұмыстарының жағдайына, қайталанып жасалған қылмыстар жағдайы мен атқарылған шараларға, жанұясынан, балалар үйінен, интернаттар, оңалту орталықтары мен жетімдер үйлерінен өздігінен кетіп қалатын балалар мен жасөспірімдерді іздеу жұмыстарының жағдайы мен атқарылып жатқан шараларға, олардың кету себептерін анықтау мен «мектеп» полиция инспекторларының және ЮПБ-нің аймақтық инспекторларының қызметіне талдама жасау. | Ай сайын | ҚАІБ, ЖПҚ | Анықтама |
| 5.5 | Аумақтық комиссиялар мен кәмелетке толмағандарға жасалған құқық бұзушылықтардың алдын-алу, оның ішінде сексуалдық сипаттағы, өз-өзіне қол жұмсау және жастардың рухани тәрбиесіне қатысты мәселелер бойынша барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысумен кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау бойынша комиссияның отырысын өткізу. | Жоспарға сәйкес | КІжҚҚК ҚАІБ ІІД ЖПҚ | Шешім |
| 5.6 | Орта мектептер мен колледж оқушыларын Полицияның жас достары отрядтарына тарту жұмыстарын жалғастыру. | Үнемі | Білім басқ. ҚАІБ, ЖПҚ | Анықтама |
| 5.7 | Мектеп полиция инспекторларының жұмысын қылмыстар, құқық бұзушылықтың алдын-алуға, оқушылар арасында қараусыз қалу, жасөспірім құқық бұзушыларды, сонымен қатар құқық бұзуға бейім кәмелетке толмағандарды анықтауға бағыттау. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| **6. Әйелдерге қатысты жасалған зорлық-зомбылық қылмыстары мен құқық бұзушылықтарының алдын-алу** | | | | |
| 6.1 | Әйелдерге қатысты жасалған әрбір өз-өзіне қол жұмсау дерегі бойынша анықтама жасап және оны ІІМ ӘПК-не жолдау. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.2 | а) ШҚО бойынша әкім жанындағы әйелдер ісі және жанұя-демографиялық саясат облыстық комиссия төрағасының,<br>б) МЕҰ және облыстың кризистік орталықтары мекенжайына тоқсан сайын әйелдерге қатысты жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылық туралы ақпарат жолдау. | Тоқсан сайын | ІІД ЖПҚ | Ақпарат |
| 6.3 | БАҚ және насихаттаудың кез-келген түрін кең көлемде қолдана отырып әйелдерге қатысты жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу сұрағын жариялау, үнемі тұрғындарды ІІО-ның зорлық-зомбылықтан әйелдерді қорғау бағытында атқарылған жұмыстар жағдайы туралы ақпараттандыру. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | БАҚ |
| | **7. Қоғамдық тәртіпті күзету** | | | |
| 7.1 | Тәуліктік жедел жиынтық бойынша қоғамдық орындар мен көшелерде жасалған қылмыстар анализін жүргізу. Қылмыстар анализін есепке ала отырып ПКК құралдары мен күшін орналастыруға түзету енгізу. | 10 күн сайын, ай сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Орналастыру жоспарына түзету жасау |
| 7.2 | ПКК нарядтарымен қызмет өткеру кезеңінде көшелер мен қоғамдық орындарда жасалған аса ауыр қылмыс және ауыр қылмыс фактілері бойынша қызметтік тергеу жүргізу. Қызметтік тергеу нәтижелерін ШҚО ІІД ЖПҚ басшылығына баяндау. Қорытындысын жеке құрамға жеткізу. | Қылмысты жасау фактілері бойынша | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Қызметтік тергеу нәтижелері |
| 7.3 | ҚР ІІМ №53 ҚПБУ-2013ж. 69т. орындауда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмылдарылған, нысанды киім кию ережесін, патрульдік полиция құралдары мен күштерінің тікелей мақсатта қолдануын жол-патрульдік нарядтарымен қызмет өткерулерін үнемі тексеру. Нәтижелерін ай сайын ІІД ЖПҚ басшылығы жанында өткізілетін жедел кеңестерде қарау. | Ай сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Шешім |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7.4 | Айына кемінде 2 рет көшеде орын алатын қылмыстарды (тонау, бұзақылық) ашуда ПКК нарядтарының әрекеттері бойынша оқу-жаттығу сабақтарын өткізу. | Айына 2 рет | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 7.5 | Қызығушылық тудыратын мемлекеттік органдармен халықаралық экономикалық дағдарыс кезеңінде аймақтағы әлеуметтік-саяси жағдайды бақылауда ұстау. Анықталған жағдайда, дереу ІІД ЖПҚ арнайы хабарламамен жолдау. | Анықталған жағдайда | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Арнайы хабарлама, анықтама |
| 7.6 | Айлықақы бойынша қарыздары бар мекеме жұмысшыларының болуы мүмкін сөз сөйлеулерін болжау мақсатында, ШҚО әкімдігінің әлеуметтік қорғау және еңбек департаментімен бірлесіп болуы мүмкін облыстағы әлеуметтік шиеленіс ошақтарына мониторниг жасау. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Мониторинг |
| **8. Қоғамдық іс-шараларды қамтамасыз ету** | | | | |
| 8.1 | Қоғамдық-саяси және көпшіліктің қатысуымен ұйымдастырылған іс-шараларға мониторнг жасау, оларды өткізу кезінде қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті күзетуді қамтамасыз ету сұрағы бойынша шараны ұйымдастырушымен қарым-қатынасты ұйымдастыру. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Арнайы хабарлама, анықтама |
| 8.2 | Аумақтағы әлеуметтік жағдай және қоғамдық-саяси тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін материалдардың тарату фактілерін анықтау мақсатында, сонымен қатар қандай да бір бұқаралық шараларды (спорттық, мәдени, жастар және басқа да) өткізу туралы ақпаратты туратуы мүмкін әлеуметтік желілер, интернет-ресурстарына миниторинг жасау. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Арнайы хабарлама, анықтама |
| 8.3 | Қоғамдық-саяси жағдайлар сұрақтары бойынша (телебағдарламалар және мерзімдік басылымдар) бұқаралық ақпарат құралдарында хабарламалар мен жарияланымдарды бақылау. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Арнайы хабарлама, анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **9. Жол қозғалысына бақылау жүргізуді ұйымдастыру** | | | | |
| 9.1 | Мас күйінде басқарғаны үшін, жылдамдықты асыру, қарсы бағытқа шығу, жаяу жүргіншілерге басымдылық бермеу, жаяу жүргіншілермен ЖҚЕ бұзуы, ұялы телефонды қолдану, қауіпсіздік белдіктерін қолданбау сияқты ЖҚЕ бұзушылықтарының алдын алуға бағытталған жұмысты бағдарлау | Үнемі | ҚАПБ, ПД ЖПҚ | Анализ |
| 9.2 | ӨҚБ, КЖБ, ЖҚИ-мен бірлесін сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға және ІІБ және басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жасалатын жол қозғалысы ережелерін бұзудың анықтау және жолын кесуге бағытталған тексерулер жүргізу. | Тұрақты түрде | ПД ЖПҚ | Анықтама |
| 9.3 | Облыс жолдарында апаттылықты тұрақтандыру және жол қозғалысы қауіпсіздігі деңгейін көтеру мақсатында, «Мас жүргізуші- қылмыскер!», «Автобус», «Қарсы бағыт», «Қауіпсіз жол», «Жылдамдық», «Назар аударыңыз, жаяу жүргінші» жедел-алдын алу шаралары ұйымдастырып, өткізу | ІІМ кестесіне сәйкес | ҚАПБ, ПД ЖПҚ, ЖППБ, ЖППР | Анықтама |
| **10. Табиғатты қорғау заңнамасынның сақталуы** | | | | |
| 10.1 | Су көлінде заңсыз балық аулау бойынша браконьерлік фактілерінің алдын алу және анықтау бойынша рейдтік іс-шараларды өткізу және практикалық көмек көрсету мақсатында облыс аудандарына шығулар іске асыру. | Кестеге сәйкес | ПД ЖПҚ | Анықтама |
| 10.2 | Браконьерлік фактілерін анықтау және басқа да құқық бұзушылықтың алу мақсатында, облыс су қоймаларында, аңшылық қоры мен орман алқаптарын МИ-2, МИ-8 тікұшақтарымен әуепатрульдеу тәжірибесін жалғастыру | Жылдық көлемінде | ПД ЖПҚ | Анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10.3 | Жедел-профилактикалық іс-шараларын өткізу:<br>- облыс су қоймаларында тыйым салынған аулау құралдарын қолданумен заңсыз балық аулаудың жолын кесуге бағытталған,<br>- браконьерлік фактілерінің жолын кесу мақсатында қорықша, қорық, аса қорғалатын табиғи аумақтарда. | Жылдық көлемінде | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 10.4 | Облыс аумағында «Нерест-2016» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізу | ІІМ кестесіне сәйкес | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | ІІМ ӘПК жауап |
| 10.5 | әр он күн сайын Шығыс Қазақстан облысы аумағында ШҚО ЖПҚ ***ОПП*** жеке құрамымен рейдтік іс-шаралар өткізу | Он күн сайын | ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 10.6 | Күршім, Тарбағатай және Көкпекті айдандарында өндіріп алынған балық ресурстарын уақытша сақтау үшін орын анықтау. | Сәуір | Күршім, Тарбағатай, Көкпекті әкімдер | ІІД ЖПҚ жауап |
| | **11. Арнайы мекемелер қызметін ұйымдастыру** | | | |
| 11.1 | Әкімшілік қамау туралы сот қаулыларын орындау бойынша бақылауды жүзеге асыру. | Ай сайын | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| 11.2 | Арнайы мекеме кезекші нарядтарының қалалық, аудандық органдарға шығуымен қызмет өткеруін тексеру бойынша рейдтік шаралар өткізу. Тексеру нәтижелерін ІІД ЖПҚ кураторына баяндау | Жылдық көлемінде | ІІД ЖПҚ | Анықтама |
| | **12. Іздеу қызметі** | | | |
| 12.1 | Жол-көлік қылмысын жасап, оқиға орнынан кетіп қалған және адам өліміне әкеп соққан тұлғаларды ұстау және іздеу бойынша жұмыс ұйымдастырылсын. ҚАІБ криминалдық полиция және кезекші бөлімдерімен өзара іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру. | Үнемі | ҚАІБ, ІІД ЖПҚ | Анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12.2 | 03.07.2013 ж. №39 ҚПБҮ ІІМ бұйрығының талаптарына сәйкес «Қармау» арнайы жедел жоспары бойынша айына 1 реттен кем емес оқу-жаттығу сабақтарын өткізу. | Ай сайын | ҚАІІБ, ІІД ЖПҚ | Сабақ нәтижелері |

ЕСКЕРТУ:
- Шараны уақытында ұйымдастыруға жауапты орындаушылар санында бірінші көрсетілгендер болып табылады;
шараны бақылаудан орыидаусыз алу немесе орындау мерзімін жылжыту ШҚО әкімінің келісімімен ғана іске асырылады;
- Қажеттілік жағдайында аталған жоспарға өзгертулер мен қосымшалар енгізілуі мүмкін.

Қысқартылған атаулардың түсініктемес:
ҚАІІБ – ішкі істер бөлімінің аумақтық бөлімшелері
ІІД ЖПҚ – Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметі
ҚҚБ – құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы
ЖППБ – жол-патрульдік полиция батальоны
ЖППР – жол-патрульдік полиция ротасы
ШҚО бойынша ҚР БП АЕжҚСКБ– Шығыс Қазақстан облысы бойынша Бас Прокуратурасы арнайы есепке алу және құқықтық статистика бойынша комитеті басқармасы
БББ – Білім беру басқармасы

Жоспарды құрған:

ШҚО ІІД ЖПҚ бастығы
полиция полковнигі Д. Казакпаев